

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

(ғылыми кеңес, қамқоршылық кеңес, педагогикалық, әдістемелік
(оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер, жоғары сынып оқушыларының
кеңесі, алдын алу кеңесі және басқа формалар)

Әдістемелік ұсыныстар

О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОЛЛЕГИАЛЬНЫХ ОРГАНОВ УПРАВЛЕНИЯ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ

(ученый совет, попечительский совет, педагогический, методический
(учебно-методический, научно-методический) советы, совет старшеклассников,
совет профилактики и другие формы)

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуірдегі № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015 года)

«Білім беру ұйымдарының алқалы органдарының қызметі туралы (ғылыми кеңес, қамқоршылық кеңес, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер, жоғары сынып оқушыларының кеңесі, алдын алу кеңесі мен басқа да формадағы кеңестер). Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 24 б.

«О деятельности коллегиальных органов управления организаций образования (ученый совет, попечительский совет, педагогический, методический (учебно-методический, научно-методический) советы, совет старшеклассников, совет профилактики и другие формы». Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 24 с.

Әдістемелік ұсыныстарда білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының рөлі көрсетілген, «алқалы органдар» ұғымының мәні ашылған және Қазақстан Республикасындағы білімді жаңғыртудағы алқалы басқарудың үлгісі мен тұжырымдамалық негіздері анықталған, білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдарын қалыптастырудың әдістемелік нұсқаулықтары әзірленген.

Түрлі отандық білім беру ұйымдарындағы алқалы органдар жұмысының жаңашыл тәжірибесіне қысқаша талдау жасалған.

Әдістемелік ұсыныстар білім беру мекемелерінің басшыларына, әкімшілікке, педагогтерге, тәрбиешілерге, әдіскерлерге және басқа да алқалы басқару органдарын қалыптастыруға мүдделі қызметкерлерге арналған.

В методических рекомендациях показана роль коллегиальных органов управления организациями образования и раскрыта сущность понятия «коллегиальные органы управления», определены концептуальные основы и модель коллегиального управления в условиях реформирования системы образования Республики Казахстан, разработаны методические рекомендации по формированию органов коллегиального управления в организации образования.

Приведен краткий анализ инновационного опыта работы коллегиальных органов управления различных отечественных организаций образования.

Методические рекомендации предназначены для руководителей организаций образования, администрации, педагогов, воспитателей, методистов и всех интересующихся проблемами формирования коллегиального управления.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

«Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ұзақ мерзімді стратегиясы бойынша білім маңызды басымдықтардың бірі болып танылады. Қазақстандағы білім беру реформаларының басты мақсаты білім берудің жаңа экономикалық-әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республикамызды әлемнің 50 дамыған мемлекеттер қатарына кіру міндетін айқындап берді. Бұл мақсатқа қол жеткізуде білім беруді жетілдіру ісі үлкен рөл атқарады [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өз жолдауларында білім беру сапасын жақсартуды тапсырады: «2050 жылға дейін қазақстандықтар білім беру саласындағы басты талаптардың бірі – білімді халық болуы керек, біз педагогтер мұның қаншалықты маңызды және жауапты екенін түсінуіміз керек. Мемлекеттің болашағы білім беру деңгейіне байланысты. Білімді интеллигенттерсіз әртүрлі деңгейдегі тиімді басқарушылар болмайды» [2].

Өскелең ұрпақтың ойдағыдай дамуы үшін заманауи да сапалы білім беруді қамтамасыз ету міндеті тұр. Сапаның өзі парадигма үрдісінде білім беру жүйесінің барлық қызметін қамтитын «сапаны жалпы басқару», тәрбиелеу сапасы, білім беру бағдаламаларының сапасы, мазмұнының сапасы, білім беру үдерісінің сапасынан бастап, басқарудың сапасымен аяқталады [3].

Білім беру ұйымдарын басқаруды ұйымдастырудың жаңа әдістерін іздеу бірқатар мәселелермен шарттастырылған, бұл мәселелердің мәні мынадай:

Біріншіден, әлемде білім берудің барлық сатысында реформалау мен жаңарту барысында білім беру мекемелерінің қоғамдық мәнін қайта қарастырумен оны нарықтық қатынастарға енгізу қызметтің нәтижелері үшін жауапкершілікті көтеруге байланысты мәселелер туындайды. Жаңа міндеттердің шешілуі оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мен формаларын сыни тұрғыда қайта ойластырумен қатар, басқарудың жаңа әдістерін іздеуді талап етеді.

Екіншіден, қазіргі таңда білім беру ұйымдарының қызметін бақылау мен бағалаудың әкімшілік (инспекторлық) формасынан білімді диагностикалауға ауыстық. Бұл білім беруді ұйымдастырудың негізгі мәртебесі мен рейтингін анықтаудың негізі болды.

Үшіншіден, білім беру ұйымдарына қоғамның көзқарасы өзгерді. Кәсіпорындар, жұмыс берушілер, ата-аналар мен оқушылардың өздері (студенттер, мектеп оқушылары және т.б.) білім беру ұйымдарына білім беру қызметін тұтынушы ретінде қарайды, бұл басшылық пен білімді басқару органдарының басқарудың басқа жетілдірілген түрлерін іздестіруіне түрткі болады.

Басқарудың алқалы органдарын жаппай құру Қазақстан Республикасы білім жүйесінің ұйымдары мен мекемелеріне басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл жалпы білім сапасын арттыруға ықпал ететіндігі күмәнсіз.

1 Алқалы басқарудың тұжырымдамалық негіздері. Қазақстандағы алқалы басқару ұжымдарының жұмыс тәжірибесі

Білім беру ұйымының ұйымдастырушылық құрылымы орталықтанбаған құрылымды сақтау қағидасына негізделеді, бұл оның қызметінің күшеюіне, білім беру нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті дамыту мен қоғамды демократияландыру жағдайындағы мекемені тұрақты түрде дамытуға мүмкіндік тудырады. Басқарудың орталықтанбауы, басқарудың әкімшілік және алқалы мекемелердің бірлесіп жұмыс істеуі басқару тиімділігін арттырады.

Білім беру ұйымын басқару әкімшілік дара басшылық пен алқалық қағидаларын үйлестіре отырып жүзеге асырылады, бұл басқарудың алқалы органдарын қалыптастыруды пайымдайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі әдістері берілген: білім жүйесін дамыту басымдығы; адамның бостандығы мен құқығын қорғау; оқыту, тәрбиелеу мен дамыту бірлігі; білімді басқарудың демократиялық сипаты, білім жүйесі қызметінің ашықтығы [4].

Аталған заңның 5-бабында білім саласындағы уәкілетті орган білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша уәкілдікті орындайтындығы көрсетілген.

44-бапта білім беру ұйымдарында алқалы басқару органдары құрылатындығы берілген.

Білім беруді басқарудың алқалы органдары: білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңесі, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер және басқа формалар, білім беру саласындағы өкілетті орган бекітетін жұмысты ұйымдастырудың үлгілік ережелері жатады [4].

Басқарудың алқалы органдарына түрлі құрылымдарды жатқызуға болады: білім беру мекемесі мен ұжымдарындағы қызметкерлердің (оқушылардың) жалпы жиналысы; педагогикалық кеңес; ғылыми кеңес; қамқоршылық кеңес; әдістемелік кеңес; оқу-әдістемелік кеңес; ғылыми-әдістемелік кеңес; басқарушылық кеңес; бақылаушы кеңес; басқа да басқарудың алқалы органдары.

Жоғарыда көрсетілген құрылымдар білім берудің тиісті мекемелерінің жарғыларында көрсетіледі. Басқарудың алқалы органдарының жұмысын ұйымдастырудың типтік бағдарламасы оларды таңдау тәртібін қоса алғанда, әдетте білім саласындағы әкімшіл уәкілетті органмен бекітіледі.


Білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдері ата-аналар комитеті арқылы қатысуға құқылы.

51-бапқа сәйкес, педагогикалық қызметкерлер білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатыса алады.

Басқарудың алқалы қағидаларын жүзеге асыру білім беру ұйымдары мен мекемелерінің қызметіне қатысты басқарушылық шешімдердің сапасын

арттырады, бұл көбінесе кәсіби немесе сараптамалық өкілдік арқылы қамтамасыз етіледі. Ол алқаластық жоспарлаудан басталып, қадағалаумен аяқталатын басқарушылық циклдың барлық кезеңдеріндегі функция арқылы жүзеге асырылатын өзіндік басқаруға қарағанда басқарушылық шешімдерді қабылдау үдерісінің ішінде болады.

Басқарудың алқалы органдары уақытша және тұрақты болуы мүмкін, мәртебесі мен ұсынатын өкілдіктер деңгейі әртүрлі және түрлі міндеттерді атқаруы мүмкін. Басқарудың алқалы моделінің негізгі сипаттамалары 1-суретте берілген.



1-сурет – Алқалы басқару моделінің негізгі сипаттамалары

Басқарудың алқалы органдарының ақпараттық; кеңесшілік; шешім қабылдауға өкілеттілер; қадағалаушы түрлері бар.

Басқарудың алқалы органдары білім беру мекемелері мен ұйымдардың жергілікті нормативті актілерін (Ереже) дайындайды [5].

Ең алдымен білім беру үдерісінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін, ұжымның болуын есепке ала отырып, аталған ұйымның жағдайына қатысты жалпы, заңнамалық құқықтық нормаларды талдап-тексеру, нақтылау, толықтыру, тіпті кейде орнын толтыру жергілікті нормативті актілердің қызметі болып табылады. Негізгі жергілікті нормативті актілерге білім беру ұйымының жарғысы, бұйрықтар, қаулылар, шешімі, ережелері, нұсқаулықтар және т.б. жатады.

Педагогтер жұмысына қатыса алатын басқарудың алқалы органдарымен қатар, білім беру ұйымдарына оқушылардың, кәмелетке толмаған

оқушылардың ата-аналарының (заңды өкілдердің) және педагогикалық қызметкерлердің бастамасымен оқушылар кеңесін, ата-аналар кеңесін, қызметкерлердің өкілдік органдарын құру мүмкіндігі беріледі және органдардың құрамы мен жұмыс тәртібі осындай өкілдік органдардың ішкі ережелерімен және басқа да құжаттармен реттеледі.

Оқушылардың өкілдері, олардың ата-аналары (заңды өкілдері) қамқоршылық кеңестің, педагогикалық кеңестің, білім беру ұйымының жарғысында қарастырылған білім беру ұйымы кеңесі немесе басқа соған ұқсас органдардың құрамына қосыла алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалау лауазымды тұлғаларға жүктелген ресми қызметтік міндеттерді үшін жеке жауапкершілігін сақтаудағы басқарушылық шешімдерді қабылдаудың алқалы формасын кеңінен қолдануды объективті түрде көрсетті.

Білім саласына нарықтың тұрақты түрде енуі білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін көтеруін талап етеді, бұл тұлғаның, педагогикалық ұжым мен оқушылар ұжымының мүшелерінің жоғары рөлін сақтай отырып басқаруды кәсібилендіру қажеттілігіне алып келеді. Сонымен, алқалы басқару органдарын құрудың екі аспектісін тұжырымдауға болады:

– біріншіден, білім беру мекемелерінің басшыларына ғылыми педагогикалық ұжыммен байланысты сақтай отырып, кәсіби менеджер бола білу;

– екіншіден, педагогтер мен оқушылар шешім қабылдайтын адамдарға ортақ ұйымдастырушылық мақсатқа тиімді қол жеткізуге көмектесетін өз пікірін жеткізу [6].

Ресми сайттарында орналастырылған ақпараттарды талдай отырып, Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінің көпшілігі қазіргі таңда алқалы басқарудың түрлі формаларын енгізіп жатқанын айта кетуге болады (Қосымша 1, 2).

Сонымен бірге, басқарудың алқалы органдарының негізгі Ережелерін әзірлеу кезінде істеліп бітпеген жерлері бар, шешім қабылдау тәртібі, басқарудың алқалы органдарының мәртебесі, қабылданған шешімдермен жұмыс жасау барысындағы білім беру мекемесі мен ұйымдары әкімшілігінің әрі қарай іс-әрекеттері айқын баяндалмаған. Педагогикалық ұжымдардағы басқарудың алқалы органдарын қалыптастыру бағытындағы жұмыс бүкіл білім беру ұйымдарының жұмыс тиімділігін айтарлықтай көтеруге мүмкіндік береді.

Басқарудың алқалы органдары туралы жергілікті нормативті актілердің (ережелердің) формалары мен негізгі мазмұнын әзірлеу бойынша берілген ұсыныстарды пайдалана отырып, өздігінше нормативті жергілікті актілер мен ережелерді әзірлей алады.

2 Білім беру ұйымдарының алқалы органдарын құру мен қызметі туралы әдістемелік ұсыныстар

Қазақстан Республикасының нормативті құжаттарына сәйкес, білім беру мекемелерінде басқарудың алқалы органдары құрылуы қажет. Бұл бөлім білім беру саласындағы қызметкерлерге өзінің білім беру мекемелерінде басқарудың алқалы органдары (бұдан әрі – БАО) туралы ережені өздігінше әзірлеуге мүмкіндік тудырады.

Кеңестер, комиссиялар, комитеттер, алқалар, сараптамалық және жұмыс топтары сияқты басқарудың алқалы органдары келесі *мақсаттар* бойынша құрылады: кешенді әдісті талап ететін мәселелер бойынша демократиялық шешім қабылдау; білім беру ұйымының әкімшілік өкілдері болып табылмайтын ұжым мүшелері шешімінің жобасын әзірлеу, соңында әкімшілікпен қабылданады (бекітіледі); қабылданған шешімдерді енгізу мен орындауды қадағалау; әкімшілік пен еңбек ұжымы мүшелерінің арасында ақпарат алмасу.

БАО кеңесші орган бола алады, сол кезде олар әзірлеген шешімдер ұсыныстық сипатта болады және атқарушы орган немесе ұйым басшысымен жеке өзіндік бекітуге жатады. Немесе басқарудың алқалы органына мекеме қызметі туралы шешімдерді қабылдау мен бекіту уәкілеттігі беріледі. Білім беру мекемелерінде құрылған кеңестердің шешім қабылдау бойынша түрлі уәкілеттіктері болуы мүмкін. Кейде басқарудың алқалы органдары жанында уәкілеттік шегінде ұйымдастырушылық шешім қабылдауға құқылы жұмыс топтары құрылады.

Алқалы орган қабылдаған шешімнің теріс салдары үшін жауапкершілік бұл шешімге дауыс берген органның мүшелеріне жүктеледі. Егер шешімнің жобасын ұжымдық орган дайындағаннан кейін басқа басқару органымен бекітілсе, онда жауапкершілік шешім қабылдаған органға жүктеледі.

Басқарудың алқалы органы туралы жергілікті нормативті акт: органның құзыреттілігін (қызмет мақсаты, сипаты мен шешім қабылдау шарттары); органның құрылымы мен құрамын; орган мүшелерінің қызметтерін, құқықтары мен жауапкершілігін; оны құру мен тарату тәртібін; жұмыс тәртібін белгілеп беруі қажет.

ҚР-дағы қолданыстағы заңдар БАО құрылымына қойылатын талаптарды анықтап бере алмайды, сондықтан білім беру ұйымы оны өздігінше анықтауға құқылы. Жергілікті нормативті акті (БАО туралы Ереже) әзірлей отырып, келесі құрылымдық бөліктерді бөліп көрсетуге болады:

1-бөлім. Жалпы ереже.

2-бөлім. БАО құзыреттілігі.

3-бөлім. БАО құрылымы мен құрамы, БАО құру мен тарату тәртібі.

4-бөлім. БАО мүшелерінің міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері.

5-бөлім. БАО жұмыс тәртібі.

6-бөлім. БАО әрекеттестігі.

7-бөлім. БАО қызметін қамтамасыз ету.

8-бөлім. Қадағалау.

Білім беру ұйымын басқарудың алқалы органының құрамына

педагогикалық қызметкерлер, оқушылар (тәрбиеленушілер), қоғамдастық, ата-аналар (заңды өкілдері), мектеп өкілдері кіреді және (немесе) сайланады.

Білім беру ұйымдарының алқалы органы ретінде Қамқоршылық кеңесінің жұмысын қарастырамыз.

1. Қамқоршылық кеңесін құрудың құқықтық негіздері

ҚР Заңнамасы Қамқоршылық кеңесін (бұдан әрі – Кеңес) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органы ретінде қарастырады.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 22 қазандағы №501 бұйрығымен Қамқоршылық кеңесінің жұмысы және оны сайлау тәртібі туралы үлгілік ереже бекітілді.

Осы ережелерге сәйкес Кеңес білім беру ұйымы құрылтайшысының және оқушылардың ата-аналарының бастамасымен жалпы жиналыста құрылуы мүмкін.

Кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады, қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына өзгерістер енгізуге болады.

Кеңестің құрамы:

1. Қамқоршылық кеңесі құрылатын білім беру ұйымының басшысы;
2. басқа білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
3. жұмыс берушілер және әлеуметтік серіктестер;
4. қоғамдық ұйымдар, қорлар, ассоциациялардың өкілдері;
5. демеушілерден тұрады.

Кеңесін мүшелері өз қызметтерін ақысыз негізде атқарады.

2. Қамқоршылық кеңесінің құрылымы және шешім қабылдау

Кеңестің отырысында сайланған Қамқоршылық кеңесінің төрағасы оның жетекшісі болып табылады. Төраға Кеңес атынан арнайы өкілетсіз әрекет етеді, оны білім беру ұйымының, мемлекеттік органдар және басқалардың алдында таныстырады. Төраға Кеңес жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін ҚР Заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қамтамасыз етеді.

Кеңес төрағасының оның мүшелері арасынан кеңесте сайланған орынбасары бар. Сондай-ақ Кеңестің хатшысы бар, ол Кеңес жиналысында сайланады және Кеңесте іс жүргізуге жауапты.

Кеңес жиналысы оның жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, бірақ бір жылда бір реттен кем болмауы тиіс. Жоспардан тыс отырыстар Кеңес төрағасының шешімімен немесе Кеңес мүшелерінің төрттен бірінің талабына сәйкес өткізіледі.

Отырысқа кеңес мүшелерінің 2/3 қатысқан кезде Кеңес шешім қабылдауға өкілетті. Кеңестің шешімі қатысушы мүшелердің ашық дауыс беруі арқылы басым дауыспен қабылданады.

3. Қамқоршылық кеңесі қызметінің мақсаттары

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 22 қазандағы №501 бұйрығымен бекітілген Кеңес қызметінің ережелеріне сәйкес Кеңес қызметінің алдында келесі мақсаттары бар:

1. білім беру ұйымына оның жарғылық қызметін атқаруына ықпал ету;
2. білім беру ұйымының білім алушылары мен мұғалімдер ұжымы үшін білім берудің оқу бағдарламаларын ойдағыдай жүзеге асыруына қажет жағдай

жасау;

3. қаржылық қолдау көрсету, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту;

4. білім беру ұйымының дамуына ықпал ету.

4. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары:

1. білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;

2. халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан оқушылардың білім алуына, тұрмыстық жағдайын жақсартуына және жұмысқа орналасуына көмек көрсету;

3. тәрбие және білім беру салаларында халықаралық ынтымақтастық орнатуға және дамытуға ықпал ету;

4. білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ескертулер енгізу.

Білім беру ұйымдарының басшыларына БАО-ның пайдаланып жүрген формаларын анықтай отырып, бірқатар шарттарды ескеру ұсынылады.

БАО мынадай мақсаттарда құрылуы керек:

– білім беру ұйымдарында құқықтық және басқарушылық шешімді әзірлеу, қабылдау және жүзеге асыруда еңбек ұжымының қатысуын ұлғайту;

– білім беруді дамытуға қоғамдық қатысуды іске асыру;

– білім беру ұйымдарын басқарудың қоғамдық-азаматтық формаларын дамыту;

– өзін-өзі басқару бастамаларын іске асыруға көмектесу;

– білім беру үдерісі мен қаржылық-шаруашылық қызметті ұйымдастыруға мүмкіндік тудыратын мәселелерді шешуде ұжымның бастамасын дамыту;

– басқарудың ұжымдық, демократиялық формаларын кеңейту және басқарудың мемлекеттік-қоғамдық қағидаларын өмірде нақтылы түрде көрсету.

Білім беру мекемелерін басқарудың алқалы органдарының формалары: ғылыми кеңес; қамқоршылық кеңес; педагогикалық кеңес; әдістемелік кеңес; оқу-әдістемелік кеңес; ғылыми-әдістемелік кеңес; жоғары сынып оқушыларының кеңесі; алдын алу кеңесі; тәртіптік кеңес; ақсақалдар алқасы; және басқа формалар.

Кеңес – сайланған, толықтырылған және тағайындалған мүшелерден тұратын және білім беру ұйымының қызмет етуі мен дамуының маңызды мәселелерін шешу бойынша басқарушылық уәкілеттіктері білім мекемесінің жарғысында бекітілген, мемлекеттік-қоғамдық басқарудың ішкі алқалы органы.

Педагогикалық кеңес – білім беру үдерісін ұйымдастыру мәселелерін қарастыру үшін, оқу-тәрбие үдерісін дамыту мен жетілдіру үшін, педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық өсуі үшін құрылған педагогикалық қызметкерлердің тұрақты түрде әрекет ететін өзін-өзі басқаруының алқалы органы.

Әдістемелік бірлестік – бұл педагогикалық ұжымның әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысына жалпы жетекшілік етуді жүзеге асыру үшін педагогикалық қызметкерлерді біріктіретін білім беруді ұйымдастырудың өзін-өзі басқару органы.

Еңбек ұжымының жалпы жиналысы – білім беру ұйымының барлық жұмыскерлерін біріктіретін өзін-өзі басқару органы.

Білім беру ұйымын алқалы басқарудың жоғарыда көрсетілген формаларынан басқа қызметтер қатарының мазмұны мен анықтамасын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелерінен табуға болады.

Алайда, Алдын алу кеңесінің қызметінің мазмұнына айрықша тоқталып кеткіміз келеді, себебі білім беру мекемелері мен ұйымдарының отандық ішкі нормативті ережелерін талдау үдерісінде алқалы басқарудың бұл органы оқу орындарының құрылымына кіре бермеді.

Алдын алу кеңесі – бұл алқалы органның басты мақсаты оқушылар арасында әлеуметтік қауіпті құбылыстардың (қараусыздық, құқық бұзушылық, қоғамға қарсы әрекеттер) алдын алуды жүргізуге бақылауды жоспарлау, ұйымдастыру мен жүзеге асыру, сондай-ақ білім беру мекемесінде тәрбие және сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыруға бақылауды ұйымдастыру болып табылады.

Әдетте, Алдын алу кеңесін құру туралы шешім білім беру мекемесі басшысының бұйрығымен рәсімделеді. Бұл кеңестің құрамына директор, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог, кәмелеттік жасқа толмағандар ісі бойынша бөлім инспекторы, ата-аналар қоғамдастығының өкілі кіреді. Алдын алу кеңесі қызметкерлерінің құрамы мен саны беру мекемесі басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Алдын алу кеңесінің негізгі міндеттері төмендегідей:

1. кәмелетке толмағандардың бақылаусыздығы, қараусыздығы мен құқық бұзушылығының алдын алу, олардың себептері мен шарттарын айқындау мен жою;

2. кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын қорғаудың кешенді алқалы әдісін қамтамасыз ету;

3. әлеуметтік қауіпті жағдайдағы оқушыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау үшін жағдай жасау;

4. кәмелетке толмағандар ұжымындағы жанжалды жағдайды шешу және оларды алдын алу.

Алдын алу кеңесінің қызметі келесі *қағидаларға* негізделеді: кәмелетке толмағандарға қатынастың заңдылығы, демократизм мен гумандылығы; кәмелетке толмағандар мен олардың отбасына деген жекелеген әдіс; алынған ақпараттың құпиясын сақтау; кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын бұзған азаматтар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қамтамасыз ету.

Алдын алу кеңесі мектеп оқушылары арасындағы тәрбие және құқық бұзушылық деңгейін зерттеу; мектептің алдын алу қызметінің жағдайын, жүргізіліп жатқан іс-шаралардың тиімділігін зерттеу; девиантты мінез-құлықты балаларды анықтау; оқушылардың қоғамға қарсы мінез-құлқының қағидалары мен себептерін анықтау сияқты талдау қызметін атқарады.

Алдын алу кеңесі оқушылардың құқық бұзушылығының алдын алу бойынша келесі *қызметтерді* атқарады: қоғамға қарсы мінез-құлықты оқушылардың жеке істерін қарастырады; оқушылармен алдын алудың жеке

жұмыстарының жоспарын анықтайды және оны директорға бекітуге ұсынады; қажет болған жағдайда оқушыларды немесе олардың ата-анасын мамандардан (психолог, дефектолог, медициналық, әлеуметтік қызметкер және т.с.с.) кеңес алу туралы ұсыныс береді; оқушыны ішкі есепке алу мен одан шығаруды жүзеге асырады; ішкі және сыртқы есепте тұратын оқушыларды балаларға қосымша білім беру бірлестігіне, ұжымдық шығармашылық істер мен шараларға, жазғы сауықтыру серіктестігіне, қалада, мектепте жұмыс жасайтын еңбек бірлестігіне қатыстырады; қолайсыз отбасылармен алдын алу жұмыстарын жүргізеді; өз отырыстарында жеке алдын алу жұмыстарын жүргізуге тартылған жекелеген сынып жетекшілерінің, педагогикалық қызметкерлердің, басқа да мамандардың аталған жұмыстың жайы туралы есептерін тыңдайды; мектеп директорын оқушылармен жүргізілген жұмыс жағдайы туралы, мектептің қызметкерлерінің атқарушылық тәртібі туралы хабардар етеді; оқушылармен жеке алдын алу шараларын өткізу мерзімін анықтайды.

Алдын алу кеңесі тиісті ұйымдар алдына бала тәрбиесі бойынша өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарды заңмен белгіленген жауапкершілікке тарту мәселесін қояды; сауықтырылған оқушыларды кәметке толмағандар ісі бойынша бөлімнің есебінен мезгілінен бұрын шығару туралы құқық қорғау органдары алдында өтініш етеді, оқушыларға бекітілген педагогтарға көмек көрсетеді; ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға көмек көрсетеді; педагогикалық ұжымды алдын алу жұмыстарының заманауи формалары және әдістерімен таныстыруды ұйымдастырады.

Төменде білім беру мекемесі мен ұйымдарын басқарудың алқалы органының жергілікті нормативті актілерін әзірлеу бойынша ұсыныстар берілген.

Білім беру ұйымдарын басқарудың алқалы органдарын таңдау тәртібі, олардың құзыреті әдетте білім беру ұйымының жарғысымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады. Білім беру ұйымының БАО қолданыстағы заңнамалар мен заңнамалық актілерге сәйкес әкімшілікпен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдары өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенциясын, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын, Білім беру ұйымдарының типтік ережесін, білім беру ұйымының нормативті-құқықтық актілері мен Жарғысын басшылыққа алады.

БАО туралы Ереже бөлімдерінің мазмұны тек қана ұсыныстық сипатта берілген.

1-бөлім. Жалпы ережелер

Осы бөлімнің басында БАО-ның толық атауы мен құжаттың міндеттері анықталады. Әрі қарай БАО мәртебесі көрсетіледі. Ережені әзірлеу үшін құжат-негіздеме көрсетіледі. БАО өз қызметінде бағынатын құжаттар көрсетіледі. БАО-ның кіммен басқарылатыны көрсетіледі. Әдетте, бұл төраға (басшы немесе беделді қызметкер), немесе басқару органының шешімімен (бұйрығымен) тағайындалған тұлға болып табылады, оның шешімімен

(бұйрығымен) БАО құрылады. Бұл бөлімде БАО туралы Ережені бекіту мен қолданысқа ену, оны толықтыру мен өзгерту тәртібі анықталады.

2-бөлім. БАО құзыреті

Бұл бөлімде БАО қызметінің жалпы мақсаттары белгіленеді, БАО қабылдайтын (немесе әзірлейтін) шешімдерді, БАО орындайтын қызметтерді тізіп көрсетеді. Бастапқыда мақсаттары мен міндеттері қалыптасады. Әрі қарай БАО-ның қабылдауға құзырлы шешімдері көрсетіледі. БАО-ның құзыретін сипаттауда БАО қабылдаған шешімді одан арғы келісу (мақұлдау) қажеттілігі көрсетіледі. Одан кейін, қажетінше БАО атқаратын қызметтер көрсетіледі. БАО құзыреті айтарлықтай айқын сипатталуы керек.

3-бөлім. БАО құрамы мен құрылымы, құру мен тарату тәртібі

БАО туралы Ереженің бұл бөлімінде БАО-ның құрылымы мен құрамы, құру және тарату тәртібі сипатталады. Білім берудің ірі ұйымдарындағы БАО күрделі құрылымға ие. Органның құрылымы (оның секциялары, уақытша жұмыс топтары), оның сандық құрамы осы бөлімде белгіленеді. Көбінесе БАО-ның ішкі құрылымы күрделі емес.

БАО құрамына, әдетте: төраға; төраға орынбасарлары (қажет болған жағдайда); мүшелері; хатшы кіреді. Олар өз функцияларымен, құқықтары және міндеттерімен ерекшеленеді. БАО-ның мақсатына байланысты оның құрамына белгілі қызметтегі жұмыскерлер кіруі мүмкін. Ережеде БАО жұмысына басқа ұйым өкілін немесе жеке тұлғаны тарту мүмкіндігі мен шарттары ескерілуі керек.

БАО-ны құру, қайта құру мен тарату тәртібі сипатталады. БАО мүшелері білім беру ұйымы органымен тағайындалуы мүмкін, немесе оның қызметкерлерінің ішінен немесе БАО (мысалы, БАО төрағасы таңдалуы мүмкін) мүшелерінен сайлануы мүмкін, сондай-ақ аралас нұсқа болуы мүмкін.

Бір жағдайларда БАО білім беру ұйымын басқару органының бұйрығымен немесе шешімімен құрылады. Сол органның шешімімен немесе бұйрығымен БАО құрамынан басқа ұйымдардың өкілдері, қызметкерлер, жеке тұлғалар кіргізілуі немесе шығарылуы мүмкін.

Басқа жағдайларда БАО-ның мүшелерін сайлау тәртібі Ережеде көрсетіледі. Сонымен қатар мерзімнен бұрын сайлауды да қарастыру орынды. Сонымен бірге, бұл бөлімде қажет болған жағдайда БАО өз бланкісі немесе мекеменің нышандарын бар екендігі көрсетіледі.

4-бөлім. БАО мүшелерінің міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері

Мұнда БАО төрағасы, хатшысы және басқа мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері суреттеледі.

Күрделі құрылымды БАО үшін секция жетекшілерінің немесе уақытша жұмыс тобының, БАО төрағасы орынбасарларының ерекше функциялары, міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері көзделуі мүмкін.

5-бөлім. БАО-ның жұмыс тәртібі

Бұл бөлімде БАО-ның жұмысын ұйымдастыру реттеледі.

Әдетте, БАО шешім қабылдауы (немесе шешімді дайындау) отырыста оның мүшелерінің дауыс беруі арқылы іске асады. Бұл рәсім БАО туралы

Ереженің осы бөлімінде егжей-тегжейлі сипатталуы керек. Бірауыздан шешім қабылдау (немесе шешімді дайындау) талап етілген жағдайда БАО жұмыс тәртібінің ерекшеліктері осы бөлімнің соңында сипатталады.

Отырыстың жүйелілігі

БАО отырыстарының мерзімділігі немесе өткізілуі белгілі жоспар бойынша бекітіледі. Отырыс жоспары нормативті құжат болып табылады. Кезектен тыс отырыстарды өткізу мүмкіндігі, шарттары мен мерзімі бөлек айтылады. Егер отырыс біреудің бастамасымен немесе басқа оқиғалар басталғанда жүргізілген жағдайда отырыстың себебін көрсету керек. Сонымен бірге, отырыс өткізілуі тиіс уақыты көрсетіледі.

Отырыс түрлері

БАО отырысын өткізудің мүмкін формалары:

- БАО мүшелерінің бірлескен отырысы (көзбе-көз отырыс);
- дауыс беру үшін бюллетеньді рәсімдейтін сырттай отырыс;
- БАО-ның келмеген мүшелерінен күн тәртібіне байланысты жазбаша түрде алынып, қол қойылған пікір мен БАО мүшелерінің біріккен отырысы.

Күн тәртібін қалыптастыру

• БАО отырысының күн тәртібі құрастырылып, алдын ала мүшелеріне, отырысқа шақырылған басқа тұлғаларға таратылады;

- Күн тәртібіне мәселені қосу шарты;
- Күн тәртібін бекітетін тұлға (әдетте, төраға);
- Күн тәртібі мен отырысқа қатысты материалдарды тарату тәсілі;
- Отырыстың өткізілуі, күн тәртібі туралы хабарламаны және отырысқа қатысты материалдарды тарататын адам (әдетте, хатшы);
- Күн тәртібін қалыптастыру мен бекіту, отырысты өткізу туралы хабарламаны және отырысқа қатысты материалдарды тарату мерзімдері тиісінше, анықталуы керек.

Күн тәртібі күні бұрын, сондай-ақ отырыстың алдында қалыптасып, бекітілуі мүмкін. Отырыстың алдында қалыптасқан күн тәртібі бойынша отырыстың тек датасы, өткізілу орны мен уақыты туралы хабарлама ғана таратылады.

БАО отырысының материалдарын дайындау мен жіберу. БАО отырысының материалдары БАО мүшелері онымен танысу үшін БАО төрағасына (Ережеде БАО отырысының датасын көрсету қажет) күні бұрын жіберіледі. Кезектен тыс отырыстың материалдарын дайындау мен жіберудің айрықша тәртібі белгіленуі мүмкін.

Отырыстың құзыреттілігі (кворум). БАО отырысы қандай жағдайларда күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша шешім қабылдауға құқылы екендігін белгілеп алған жөн. Әдетте ортақ заң – БАО отырысында оның 2/3 кем емес мүшелерінің қатысуы керек. Кворум күн тәртібі сұрақтарының сипатына байланысты белгіленеді. Егер БАО жұмыс тәртібі БАО отырысына қатыспаған мүшелердің пікірін сырттай білдіру мүмкіндігін берсе, онда белгіленген тәртіпте осындай пікірді бергендер кворумды анықтауда ескеріледі. БАО отырысының құзыреттілігі БАО мүшелерінің келу парағының немесе отырыс

хаттамасы негізінде анықталады.

Дауыс беру. Көп жағдайда БАО мүшелерінің дауыс беруі нәтижесінде шешім қабылданады. Дауыс беру ашық немесе жасырын түрде болуы мүмкін. Жасырын дауыс беру үшін есеп комиссиясы таңдалады, олар дауыс беру нәтижелерін анықтап, БАО мүшелерінің назарына ұсынады. Дауыс беруге құқылы БАО мүшелері «жақтап», «қарсы» немесе дауыс беруден «қалыс қалуы» мүмкін. Ережеде шешуші дауыс құқығы мен тыйым салу құқығын нақтылап алу қажет.

Шешім қабылдау. Қандай дауыс беру нәтижесінде шешім қабылданған деп саналатындығын көрсету қажет. Әдетте, отырыстың қатысып отырған мүшелерінің көп бөлігі дауыс берген жағдайда шешім қабылданады. Аса маңызды сұрақтар бойынша шешім қабылдау үшін қатысушылардың (қатыспаған мүшелердің құзырлы дауыстары ескере отырып) 2/3 немесе 3/4 бөлігінің дауысы қажет. Бірқатар мәселелер бойынша тек бірауыздан шешім қабылдауға (консенсус) жол беріледі. «Тыйым салуды» болдырмау үшін дауыстардың көпшілігі қажет деген ереже бекітілуі мүмкін.

БАО туралы Ережеде дауысқа салынған шешімнің оқшауланған жағдайда қолданылатын ережелер сипатталуы керек. Әдетте жағдайдан шығудың келесі жолдарының біреуі қолданылады: қосымша талқылаудан кейін сол отырыста қайта дауыс беру; шешім қабылдау кейінгі қалдырылады; шешімді жоғарғы басқару органы қабылдайды.

Талқылау. Дауыс берудің алдында – БАО-ның отырысында немесе БАО мүшелерінің алдын ала берген материалдары негізінде шешімнің жобасы әзірленеді және талқыланады. Талқылау регламенті (сөйлеушілер жүйелілігі, хабарлама жасауға берілген уақыт, үзілістер және т.б.) әдетте төраға ұсынысымен отырыста тікелей бекітіледі. Талқыланып отырған мәселе бойынша айрықша пікірді білдіруге және оны хаттамаға енгізуге, немесе жазбаша рәсімдеп, қол қойылған айрықша пікірді хаттамаға тіркеуге байланысты БАО мүшесіне құқық берілуі мүмкін.

Хаттаманы жүргізу. БАО отырысы хаттамаға енгізілуі керек. Отырысты қосымша стенографиялау, дыбыс- және бейнетаспаға түсірілуі мүмкін. БАО хаттамасы жалпы формада (ұйымның атауы, БАО атауы, отырыстың датасы, өткен орны мен уақыты, қатысушылар тізімі, күн тәртібі, талқылаулар мазмұны, дауыс беру нәтижесі мен қабылданған шешімдер, қол қою) жүргізіледі. БАО бағытына байланысты хаттамалардың арнайы формалары пайдаланылуы мүмкін. Хаттама хатшымен ресімделіп, төраға және хатшымен қол қойылады. Ережеде хаттама ресімделіп, қол қойылу мерзімі нақтылануы; қол қойылған хаттама (әдетте, отырыста қарастырылған материалдарды тіркей отырып) жоғары басқару органына бекітілуге, мақұлдауға немесе БАО шешімін орындау үшін шешімді (бұйрықтарды) шығаруға жолдануы қажет.

БАО шешімінің күшіне енуі. Егер БАО тек ұсыныстық шешімдер (ұсыныстар) қабылдауға уәкілетті болса, онда бұл шешімдер білім беру ұйымын басқару органы БАО отырысының хаттамасына сілтеме жасаған тиісті шешім немесе бұйрық шығарғаннан кейін күшіне енеді. Егер БАО өздігінше шешім қабылдаса, бірақ бұл шешімдер жоғарғы басқару органдарының келісу

немесе мақұлдауын талап етеді, тиісті келісім немесе шешім мақұлданғаннан кейін күшіне енеді. Егер БАО қабылдаған шешімдер қосымша келісу немесе мақұлдауды қажет етпесе, онда отырыс хаттамасына сілтеме жасалған БАО қабылдаған шешімдерді орындау туралы атқарушы орган бұйрық шығарады.

БАО жұмысы туралы есеп. Қағида бойынша, БАО төрағасы өткен кезеңдер үшін уәкілетті орган немесе тұлға алдында БАО қалыптастырған шешім немесе бұйрық бойынша дүркін-дүркін есеп береді. Ережеде есептің мерзімділігі, өткізу мерзімі, қажет болған жағдайда формасы бекітілуі тиіс.

6-бөлім. БАО әрекеттестігі

«Әрекеттесу» бөлімінде БАО-ның құрылымдық бөлімшелермен және ұйымның басқа да БАО-лармен немесе ұйымға қатысты бөтен тұлғаларға, органдарға, ұйымдарға қатынасы бойынша ақпараттық алмасу сипатталады.

Егер ақпараттық алмасу білім беру ұйымдарының басқа да жергілікті нормативті актілерінде белгіленбеген болса, онда құрылымдық бөлімдері, мекеменің басқа сыртқы қарым-қатынасы, қандай мақсатта ақпарат берілді немесе алынғанын атап көрсетілуі керек.

7-бөлім. БАО-ның жұмысын қамтамасыз ету

БАО қызметін қаржыландыру көздері, сонымен бірге БАО қызметін материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ететін ұйымның бөлімшелері көрсетіледі. Егер БАО мүшелеріне оның жұмысына қатысқандығы үшін үстемақы берілмеген жағдайда, БАО жұмысына қатысатындығын ұйымның тиісті қызметкерлерінің лауазымдық міндеттеріне қосып қойған дұрыс.

8-бөлім. Қадағалау

БАО-ның қызметін оның шешімімен немесе бұйрығымен БАО құрылған басқару органы бақылайды.

